

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №7 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жиналысының

№ 2 Х А Т Т А М М А С Ы

Тараз қ.

19 тамыз 2022 жыл

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №7 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының орналасқан жері: *Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Рафинадная көшесі, №13*

Отырыстың орналасқан жері: *Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Рафинадная көшесі, №13 конференц зал.*

Отырыс басталған уақыт: сағат 17.00

Қатысқандар: Шатаева А.У. – Бас дәрігердің емдеу ісі бойынша орынбасары
Мельдебекова Ж.С.- Бас дәрігердің экономикалық және әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша орынбасары.

Таттибаева Г.Ж.- заңгер.

Смайлова А.А.- Персоналды басқару бөлімінің жетекшісі

Шақырылғандар: Кәсіподақ комитеті, бөлім және бөлімше меңгерушілері, және қызметкерлер.

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлыққа жол берген адамдарға қандай жаза қолданатындығы туралы түсіндіру енгізілген өзгерістер бойынша түсіндірме жүргізу.

Күн тәртібі бойынша сөз алған; **Таттибаева Г. Ж. -заңгер**

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы №7 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК (ары қарай – Кәсіпорын) кәсіпорынның халыққа медициналық көмек қызметінің сапасын арттыру, пациенттерге көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы бойынша үнемі мониторинг жүргізу, сонымен қатар медициналық көмектің тиімділігін және сапасын арттыруға ықпал ететін **шаралардың бірі ол сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуі.**

Сонымен қатар, ҚР Еңбек Кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес, Еңбек шартын жасасу үшін қажетті құжаттар тізбесіне сәйкес, Азаматтық қызметке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.